

8D10101 «Қоғамдық денсаулық сақтау» білім беру бағдарламасы бойынша
 философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін PhD докторант Базарбекова Галия Серикбаевнаның
 «Қазақстан Республикасының тұрғындарына пульмонологиялық қызмет көрсетуді жетілдіру»
 тақырыбына дайындалған диссертациялық жұмысына

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

№р/н	Өңшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күйіне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын жоба немесе нысаналы бағдарлама шеңберінде орындалды (жобаның немесе Бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету) 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама шеңберінде орындалды (бағдарламаның атауын көрсету) 3) <u>диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</u>	Диссертациялық жұмыстың тақырыбы Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы басым ғылыми даму бағыттарына және халық денсаулығын нығайтуға бағытталған мемлекеттік саясаттың стратегиялық міндеттеріне толық сәйкес келеді. Зерттеу тыныс алу жүйесі ауруларының профилактикасын, ерте диагностикасын, медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын арттыруды көздей отырып, қоғамдық денсаулық сақтауды дамытуға бағытталған өзекті мәселелерді қамтиды. Жұмыстың өзектілігі созылмалы респираторлық аурулардың жоғары таралуымен, олардың халықтың аурушандығы мен өлім-жітім көрсеткіштеріне, еңбекке қабілеттілігіне және денсаулық сақтау жүйесінің ресурстарына әсерімен айқындалады. Осыған байланысты зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесін жаңғырту, алғашқы медициналық-санитариялық көмекті күшейту, медициналық қызметтердің тиімділігі мен сапасын арттыру жөніндегі мемлекеттік бастамаларды іске асыруға

	<p>бағытталған. Диссертациялық зерттеу медициналық көмекті ұйымдастыруды жетілдіру, денсаулық сақтау менеджментін дамыту, өңірлік теңсіздікті төмендету және кадрлық әлеуетті нығайту сияқты қазіргі заманғы медициналық ғылымның басым бағыттарымен үндеседі. Автор ұсынған ғылыми негізделген ұйымдастырушылық-басқарушылық тәсілдер мен практикалық ұсыныстар пульмонологиялық көмектің тиімділігін арттыруға және денсаулық сақтау саласының стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге ықпал етеді. Осылайша, диссертация тақырыбы ұлттық денсаулық сақтау жүйесін дамытуға бағытталған ғылыми зерттеулердің басым бағыттарына, сондай-ақ халық денсаулығын сақтауға және медициналық көмектің сапасын арттыруға арналған мемлекеттік бағдарламалардың негізгі міндеттеріне толық сәйкес келеді.</p>
<p>Ғылым үшін маңыздылығы</p>	<p>Зерттеудің ғылым үшін маңыздылығы пульмонологиялық көмекті ұйымдастыру мәселелерін кешенді зерттеу арқылы осы саладағы ғылыми білім қорын толықтыруымен айқындалады. Диссертациялық жұмыста пульмонологиялық қызметтің қазіргі жай-күйіне жан-жақты талдау жүргізіліп, оның тиімділігіне ықпал ететін негізгі үрдістер мен заңдылықтар анықталған. Автор өңірлік ерекшеліктерді ескере отырып, пульмонологиялық көмекті ұйымдастырудың жаңа тұжырымдамалық тәсілдерін негіздеп, қызметті жетілдіруге бағытталған ғылыми тұрғыдан</p>
<p>2. Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.</p>	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.</p>

		<p>дәйектелген ұйымдастырушылық модель әзірлеген. Зерттеу нәтижесінде медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасына әсер ететін маңызды детерминанттар айқындалып, оларды оңтайландырудың ғылыми негіздері ұсынылған. Алынған нәтижелер денсаулық сақтау менеджменті, қоғамдық денсаулық сақтау және медициналық көмекті ұйымдастыру салаларындағы теориялық түсініктерді кеңейтіп, пульмонологиялық қызметті одан әрі дамытуға арналған ғылыми зерттеулер үшін әдіснамалық және тәжірибелік негіз қалыптастырады. Осылайша, диссертацияның ғылыми жаңалығы мен қол жеткізілген нәтижелері пульмонологиялық көмекті ұйымдастыру саласындағы ғылыми бағыттардың дамуына елеулі үлес қосып, денсаулық сақтау жүйесін жетілдіру бойынша болашақ зерттеулерге негіз бола алады.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Диссертациялық жұмыстың мазмұны мен құрылымы автордың зерттеуді дербес орындағанын және ғылыми жұмысты өз бетінше әзірлегенін айғақтайды. Материалдың қисынды түрде ұйымдастырылуы, зерттеу кезеңдерінің дәйекті баяндалуы, ғылыми деректерді жинақтау мен қорыту деңгейі, сондай-ақ алынған нәтижелерді сыни тұрғыдан талдау сапасы ізденушінің ғылыми-зерттеу қызметін өздігінен жүргізу қабілетін көрсетеді. Жұмыста қолданылған әдіснамалық тәсілдердің негізді таңдалуы, зерттеу деректерін өңдеу мен түсіндірудің сапалы жүзеге асырылуы, қорытындылар мен практикалық ұсынымдардың</p> <p>Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.</p>

	<p>алынған нәтижелермен өзара үйлесімділігі. автордың ғылыми ойлау мәдениеті мен зерттеушілік құзыреттерінің жеткілікті деңгейде қалыптасқанын дәлелдейді. Сонымен қатар, диссертацияда келтірілген талдамалық материалдардың жүйелілігі, зерттеу нәтижелерінің құрылымдалуы және ғылыми пайымдаулардың бірізділігі жұмыстың автор тарапынан дербес орындалғанын, академиялық адалдық қағидағтарының сақталғанын және ғылыми еңбекті дайындаудың негізгі талаптарына толық сәйкес келетінін көрсетеді.</p>
	<p>Диссертациялық жұмыс ішкі бірлік қағидатына толық сәйкес келеді. Зерттеудің мақсаты, міндеттері, зерттеу нысаны мен пәні, қолданылған әдістер және алынған нәтижелер өзара тығыз байланыста қарастырылып, біртұтас ғылыми тұжырымдама аясында жүйелі түрде жүзеге асырылған. Жұмыстың барлық бөлімдері зерттеу логикасына сәйкес құрылып, қойылған мақсатқа қол жеткізуге бағытталған. Диссертацияда тыныс алу жүйесі ауруларына байланысты пульмонологиялық көмекті ұйымдастыру мәселелері кешенді түрде зерделенген. Теориялық талдау нәтижелері зерттеудің эмпирикалық бөлімімен сабақтасып, алынған деректердің ғылыми тұрғыдан негізделген қорытындылар мен ұсыныстар жасауға негіз болғаны көрінеді. Зерттеу барысында анықталған мәселелер, олардың себептері мен салдарлары жүйелі түрде талданып,</p>
	<p>өзектілігінің</p>
	<p>4.1 Диссертация негіздемесі: 1) Негізделген; 2) Ішінара негізделген; 3) Негізделмеген.</p>
<p>4. Ішкі бірлік принципі</p>	

		<p>оларды шешуге бағытталған ұйымдастырушылық-басқарушылық тәсілдер ұсынылған. Жұмыстың құрылымдық бөлімдері арасында мазмұндық сабақтастық сақталған, ал зерттеу нәтижелері мен тұжырымдар қойылған міндеттердің орындалу деңгейін толық көрсетеді. Автор ұсынған қорытындылар мен практикалық ұсынымдар жүргізілген зерттеудің нәтижелерінен туындайды және жұмыстың негізгі ғылыми идеяларымен үйлесім табады. Осылайша, диссертацияның барлық тараулары мен бөлімдері өзара логикалық байланыста болып, зерттеу мәселесін жан-жақты ашуға бағытталған. Бұл жұмыстың тұтастығын, ғылыми жүйелілігін және ішкі бірлігінің жоғары деңгейде қамтамасыз етілгенін дәлелдейді.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың мазмұны зерттеу тақырыбын толық әрі жан-жақты ашып көрсетеді. Диссертацияда қарастырылған ғылыми мәселелер, талдау бағыттары және ұсынылған шешімдер жұмыстың тақырыбымен тікелей сабақтасып, оның негізгі мәні мен мазмұнын нақты айқындайды. Зерттеу құрылымы пульмонологиялық көмекті ұйымдастырудың қазіргі жай-күйін бағалау және оны жетілдіру мәселелерін жүйелі түрде қарастыруға негізделген. Жұмыстың бөлімдері мен тараулары зерттеу тақырыбының негізгі аспектілерін дәйекті түрде қамтиды. Алғашқы бөлімдерде мәселенің теориялық және әдіснамалық негіздері сипатталса, кейінгі тарауларда пульмонологиялық қызметтің ұйымдастырушылық,</p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>Айқындайды;</u> 2) Ішінара айқындайды; 3) Айқындамайды. 	

<p>кадрлық және ресурстық қамтамасыз етілу ерекшеліктері талданған. Сонымен қатар, медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасына әсер ететін факторлар бағаланып, зерттеу нәтижелері негізінде практикалық маңызы бар ұсыныстар әзірленген. Диссертацияның мазмұндық құрылымы зерттеу мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес келеді және тақырыпта көрсетілген мәселелердің барлығын қамтиды. Алынған нәтижелер мен қорытындылар жұмыстың атауында көрсетілген ғылыми проблеманы шешуге бағытталған және зерттеу тақырыбының мәнін толық ашуға мүмкіндік береді. Осылайша, диссертацияның мазмұны оның тақырыбымен толық үйлеседі, зерттеу нысаны мен пәнін нақты бейнелейді және тақырыпта қойылған ғылыми мәселені жан-жақты айқындайды.</p>		
<p>Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен қойылған міндеттері қарастырылып отырған ғылыми тақырыптың мазмұнымен толық үйлеседі және өзара қисынды байланыста қалыптастырылған. Ізденуші Қазақстан Республикасындағы тыныс алу жүйесі ауруларының эпидемиологиялық ахуалын, пульмонологиялық көмектің кадрлық және материалдық-техникалық қамтамасыз етілу деңгейін, пациенттердің медициналық қызмет көрсету сапасына қанағаттану дәрежесін, сондай-ақ денсаулық сақтау мамандарының көзқарастары мен бағалауларын жан-жақты зерттеген. Жүргізілген кешенді талдау зерттеу мақсатына қол жеткізуге</p>	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.</p>	

	<p>және қойылған міндеттердің толық орындалуына мүмкіндік берген.</p>	
<p>4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың құрылымы ғылыми зерттеуге қойылатын талаптарға сәйкес жүйеленген және мазмұндық тұрғыдан өзара сабақтастықта құрылған. Әдебиеттерге шолу тарауында пульмонологиялық көмекті ұйымдастырудың шетелдік және отандық тәжірибесі терең зерделеніп, негізгі ғылыми көзқарастар мен заманауи үрдістерге талдау жасалған. Зерттеудің тәжірибелік бөлімдерінде Қазақстан Республикасындағы пульмонологиялық қызметтің қазіргі жай-күйі жан-жақты бағаланып, оның ұйымдастырушылық және ресурстық ерекшеліктері сараланған. Автор ұсынған ғылыми пайымдаулар, қорытындылар мен ұсынымдар жүргізілген зерттеу нәтижелерінен туындайды және алынған деректермен толықтай үйлесім табады.</p>	
<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген, 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.</p>	<p>Диссертациялық зерттеуде автор ұсынған инновациялық тәсілдер, тұжырымдамалар мен ұйымдастырушылық шешімдер ғылыми тұрғыдан жан-жақты негізделіп, қолданыстағы теориялық және тәжірибелік үлгілермен салыстырмалы түрде бағаланған. Зерттеу нәтижелері отандық және халықаралық ғылыми жарияланымдармен, сондай-ақ осы бағыттағы заманауи зерттеулердің қорытындыларымен салыстырыла отырып сарапталған. Автор қазіргі уақытта қолданылып жүрген тәсілдердің тиімді жақтары мен шектеулерін анықтап, өзінің ғылыми</p>	

	<p>ұсыныстарының артықшылықтары мен ерекшеліктерін дәлелді түрде көрсеткен. Алынған мәліметтерге терең талдамалық және сыни бағалау жүргізілуі зерттеу нәтижелерінің ғылыми құндылығын арттырып, ұсынылған әдістер мен шешімдердің практикалық тұрғыдан маңызын айқындауға мүмкіндік берген. Сонымен қатар, жүргізілген салыстырмалы талдау жаңа ғылыми тұжырымдардың негізділігін дәлелдеп, олардың пульмонологиялық көмекті ұйымдастыру жүйесін жетілдіру бағытындағы қолданбалы әлеуетін көрсетуге жағдай жасаған.</p>	<p>ұсыныстарының артықшылықтары мен ерекшеліктерін дәлелді түрде көрсеткен. Алынған мәліметтерге терең талдамалық және сыни бағалау жүргізілуі зерттеу нәтижелерінің ғылыми құндылығын арттырып, ұсынылған әдістер мен шешімдердің практикалық тұрғыдан маңызын айқындауға мүмкіндік берген. Сонымен қатар, жүргізілген салыстырмалы талдау жаңа ғылыми тұжырымдардың негізділігін дәлелдеп, олардың пульмонологиялық көмекті ұйымдастыру жүйесін жетілдіру бағытындағы қолданбалы әлеуетін көрсетуге жағдай жасаған.</p>
<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p>	<p>Диссертациялық зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелер мен қорғауға ұсынылған негізгі қағидалар жаңашылдығымен ерекшеленеді. Автор бұған дейін терең зерттелмеген ғылыми бағытты қарастырып, ауруларды басқару бағдарламаларын жүзеге асырудағы мейіргердің ұйымдастырушылық және басқарушылық қызметіне заманауи ғылыми көзқарас тұрғысынан баға берген. Ұсынылған тұжырымдар мен принциптер алдыңғы зерттеулерде толық әрі жүйелі түрде қарастырылмаған. Жүргізілген зерттеу нәтижелері зерттеу нысаны бойынша жаңа ғылыми білім қорын қалыптастыруға мүмкіндік беріп, пульмонологиялық көмекті ұйымдастыру саласындағы теориялық түсініктерді кеңейткен.</p>	<p>Диссертациялық зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелер мен қорғауға ұсынылған негізгі қағидалар жаңашылдығымен ерекшеленеді. Автор бұған дейін терең зерттелмеген ғылыми бағытты қарастырып, ауруларды басқару бағдарламаларын жүзеге асырудағы мейіргердің ұйымдастырушылық және басқарушылық қызметіне заманауи ғылыми көзқарас тұрғысынан баға берген. Ұсынылған тұжырымдар мен принциптер алдыңғы зерттеулерде толық әрі жүйелі түрде қарастырылмаған. Жүргізілген зерттеу нәтижелері зерттеу нысаны бойынша жаңа ғылыми білім қорын қалыптастыруға мүмкіндік беріп, пульмонологиялық көмекті ұйымдастыру саласындағы теориялық түсініктерді кеңейткен.</p>
<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p>	<p>Диссертациялық зерттеу нәтижелері өзіннің жаңашылдығымен ерекшеленеді. Жұмыс барысында пульмонологиялық қызметті</p>	<p>Диссертациялық зерттеу нәтижелері өзіннің жаңашылдығымен ерекшеленеді. Жұмыс барысында пульмонологиялық қызметті</p>

		<p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>ұйымдастырудың тиімділігі алғаш рет жан-жақты әрі кешенді түрде бағаланып, оның ресурстық, басқарушылық және клиникалық құрамдас бөліктері жүйелі талдаудан өткізілген. Автор пульмонологиялық көмектің негізгі көрсеткіштерін, аймақтық айырмашылықтарды, сондай-ақ медицина қызметкерлері мен пациенттердің пікірлерін біріктіре отырып, қызметтің қазіргі жай-күйіне көпөлшемді талдау жасаған. Мұндай тәсіл пульмонологиялық қызметтің тиімділігіне ықпал ететін факторларды жаңа ғылыми қырынан зерделеуге мүмкіндік берген.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыда қарағанда ауқымды дәлелдемелерге негізделген/ негізделмеген (qualitative research (куолигатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).</p>	<p>Диссертациялық жұмыста тұжырымдалған негізгі қорытындылар кең көлемді сандық және сапалық деректерді кешенді талдау нәтижесінде алынған. Барлық түйіндер ресми статистикалық мәліметтерге, жүргізілген аналитикалық зерттеу нәтижелеріне және сауалнама материалдарына негізделіп, жан-жақты дәлелдемелік база арқылы расталған. Осыған байланысты диссертацияның негізгі қорытындылары ғылыми тұрғыдан сенімді және жеткілікті эмпирикалық дәлелдермен қамтамасыз етілген деп бағаланады.</p>
7.	Қорғауға шығарылған	Әрбір ереже бойынша келесі	Диссертациялық жұмыста ұсынылған әрбір ғылыми

негізгі ережелер	<p>сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>қағида жеткілікті дәрежеде негізделген деп бағаланады. Зерттеу барысында тұжырымдалған теориялық және практикалық ережелер нақты эмпирикалық материалдарға, статистикалық өңдеу нәтижелеріне және жүргізілген әлеуметтік зерттеу деректеріне сүйене отырып дәлелденген. Автор пульмонологиялық көмекті ұйымдастыру тиімділігіне ықпал ететін негізгі факторларды жан-жақты саралап, оларды стационарлық көрсеткіштер, өңірлік ерекшеліктер, сондай-ақ медицина қызметкерлері мен пациенттердің пікірлері арқылы негіздеген. Әрбір ұсынылған тұжырым зерттеу нәтижелерімен өзара логикалық байланыста қарастырылып, нақты деректермен расталған.</p>
<p>Сенімділік қағидалары.</p> <p>Берілген дереккөздер мен ақпараттың сенімділігі</p> <p>8.</p>	<p>8.1 Әдістемені тандау негізделген немесе әдістеме жеткілікті түрде егжей-тегжейлі сипатталған</p> <p>1) иә;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Зерттеу барысында қолданылған әдіснамалық тәсілдер жеткілікті дәрежеде негізделіп, толық әрі айқын сипатталған. Диссертацияда зерттеу дизайны, пайдаланылған талдамалық әдістер, бағалау индикаторлары және деректерді түсіндіру (интерпретациялау) тәсілдері нақты әрі жүйелі түрде көрсетілген. Тандалған әдістемелік құралдар қойылған ғылыми міндеттерді шешуге және алынған қорытындыларды негіздеуге мүмкіндік берген. Қолданылған әдістеме ауруларды басқару бағдарламасы аясында мейіргердің рөлін бағалау мақсаттарына толық сәйкес келеді және зерттеу нысаны мен міндеттерін тиімді орындауға жағдай жасаған.</p>
	<p>8.2 Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми зерттеудің</p>	<p>Диссертациялық жұмыста қолданылған зерттеу әдіснамалары зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне</p>

	<p>заманауи әдістерін және компьютерлік технологияларды пайдалана отырып деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістерін қолдану арқылы алынды:</p> <p>1) иә; 2) жоқ</p>	<p>толық сәйкес негізде іріктелген. Автор аналитикалық, әлеуметтік және медициналық-статистикалық тәсілдерді ұтымды қолданып, алынған нәтижелерді ғылыми тұрғыдан дәлелді түрде тұжырымдай алған. Деректерді өңдеу және оларды талдап түсіндіру барысында қазіргі заманғы статистикалық әдістерді пайдалану зерттеу нәтижелерінің сенімділігі мен негізділігін арттыра түскен.</p>
	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған байланыстар мен заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша оқыту бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденген):</p> <p>1) иә; 2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыста алынған теориялық тұжырымдар, ұсынылған модельдер, сондай-ақ анықталған өзара байланыстар мен заңдылықтар жүргізілген эмпирикалық зерттеу нәтижелері арқылы жан-жақты негізделіп, расталған деп бағаланады. Автор пульмонологиялық көмекті ұйымдастыру тиімділігін талдау барысында ресми статистикалық мәліметтерді, стационарлық көрсеткіштерді, өңірлік ерекшеліктерді және медициналық қызметкерлер мен пациенттер арасында жүргізілген сауалнама нәтижелерін кешенді түрде қолданған. Бұл дереккөздердің өзара үйлесімділігі мен бірін-бірі толықтыруы теориялық пайымдаулардың практикалық тұрғыдан негізділігін қамтамасыз етеді.</p>
	<p>8.4 Маңызды мәлідемелер қазіргі және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелер арқылы расталған/ ішінара расталған/расталмаған</p>	<p>Диссертациялық жұмыста ұсынылған негізгі тұжырымдар заманауи әрі сенімді ғылыми әдебиеттерге жасалған сілтемелер арқылы негізделген деп бағаланады. Автор зерттеу тақырыбына сәйкес халықаралық және отандық ғылыми басылымдарды, клиникалық</p>

	<p>нұсқаулықтарды және ресми ақпараттық дереккөздерді кеңінен пайдаланған. Әдебиеттерге шолу бөлімінде тыныс алу жүйесі ауруларының таралу динамикасы, олардың денсаулық сақтау жүйесіне тигізетін ықпалы, сондай-ақ пульмонологиялық көмекті ұйымдастыруға қатысты қазіргі ғылыми зерттеулер жан-жақты қарастырылған. Қолданылған әдеби дереккөздер ғылыми тұрғыдан негізді болып, зерттеу мәселесінің өзектілігін дәлелдеуге жеткілікті деңгейде қызмет етеді.</p>	
<p>Диссертациялық жұмыста қолданылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуды жүргізу үшін жеткілікті деңгейде деп бағаланады. Автор зерттеу тақырыбына сәйкес отандық және шетелдік ғылыми еңбектерді, клиникалық ұсынымдарды және ресми статистикалық ақпарат көздерін жүйелі әрі кешенді түрде пайдаланған.</p>	<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u>/ жеткіліксіз</p>	
<p>Диссертациялық жұмыстың теориялық маңыздылығы бар деп бағаланады. Зерттеу барысында пульмонологиялық көмекті ұйымдастыру тиімділігін бағалауға арналған кешенді әдістемелік тәсіл қалыптастырылып, оның құрылымдық, ұйымдастырушылық және клиникалық құрамдас бөліктері жүйеленген. Автор тыныс алу жүйесі аурулары бойынша медициналық көмекті ұйымдастыруға әсер ететін негізгі детерминанттарды айқындап, олардың өзара ықпалдастығын сипаттайтын теориялық тұжырымдар ұсынған.</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:</p> <p>1) <u>бар</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p>	<p>Тәжірибелік құндылыққа маңызы:</p> <p>9</p> <p>қағидағы</p>

		<p>9.2 Диссертацияның тәжірибелік маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) иә;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Жұмыстың практикалық маңыздылығы жоғары деп бағаланады, ал алынған нәтижелерді денсаулық сақтау жүйесінің тәжірибесінде қолдану әлеуеті елеулі. Зерттеу барысында пульмонологиялық көмекті ұйымдастыру тиімділігіне ықпал ететін негізгі факторлар айқындалып, оларды жетілдіруге бағытталған нақты әрі негізделген ұсыныстар әзірленген.</p>
		<p>9.3 Тәжірибелік ұсыныстар жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (25%-дан азы жаңа)</p>	<p>Ұсынылған практикалық ұсынымдар толықтай жаңашылдығымен ерекшеленеді деп бағаланады. Автор пульмонологиялық көмекті ұйымдастыру тиімділігін кешенді талдау барысында анықталған жүйелік сипаттағы проблемаларға сүйене отырып, нақты әрі мақсатты бағытталған ұсыныстарды әзірлеген.</p>
10.	Жазу және рәсімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде орындалған деп бағаланады. Ғылыми стиль талаптарына толық сәйкес келеді, терминологиялық дәлдік пен тілдік бірізділік сақталған. Жұмыстың құрылымы мен мазмұны ғылыми академиялық стандарттарға сай жүйеленіп ұйымдастырылған.</p>
11.	Диссертацияға ескертулер		<p>1. Қолданылатын зерттеу әдістерінің кең ауқымына қарамастан, бұл диссертация салыстырмалы әлеуметтік-экономикалық жағдайлары бар елдердегі өкпе күтімін ұйымдастырудың салыстырмалы талдау нәтижелерін жеткілікті түрде ұсынбайды, бұл ұсынылған ұйымдастырушылық және басқарушылық шешімдерді жан-жақты негіздеуге</p>

	<p>мүмкіндік берер еді.</p> <p>2. Диссертацияда пульмонологиялық қызметтің адами ресурстары мен ресурстық аспектілерінің егжей-тегжейлі талдауы берілген, бірақ ұсынылған шаралардың экономикалық бағасы (шығындарды талдау, ұсыныстарды енгізудің күтілетін экономикалық тиімділігі) шектеулі.</p> <p>3. Зерттеу Алматы қаласы мен Алматы облысының деректерін пайдалану арқылы жүргізілді. Сондықтан, жеке нәтижелердің әртүрлі ресурстар деңгейі бар Қазақстан Республикасының басқа аймақтарына қолданылуы қосымша талқылауды қажет етеді.</p> <p>4. Диссертацияда пульмонологиялық қызметті цифрландыруды қарастырады, бірақ жасанды интеллект элементтері мен клиникалық шешімдерді қолдау жүйелерін қоса алғанда, заманауи цифрлық технологияларды қолдану перспективаларын толығырақ қарастыруға болар еді.</p> <p>Жоғарыда келтірілген ескертулер ұсыныстық сипатта болады және диссертацияның ғылыми құндылығын, оның теориялық және практикалық маңыздылығын төмендетпейді, алынған нәтижелердің сенімділігіне және тұжырымдалған қорытындылардың негізділігіне әсер етпейді.</p>
<p>12. Докторант мақалаларының тақырыбы ғылыми деңгейі зерттеу бойынша</p>	<p>(диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда, ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді).</p>

13.	Ресми рецензенттің шешімі (Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	<p>Қорытындылай келе, Базарбекова Галия Серикбаевнаның «Қазақстан Республикасының тұрғындарына пульмонологиялық қызмет көрсетуді жетілдіру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы 8D10101 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді, ал авторға диссертациялық кеңесте қорғау ұсынылады.</p>
-----	---	---

Рецензент:

PhD, қауымдастырылған профессор,
«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ
Эпидемиология, биостатистика және дәлелді медицина
кафедрасының қауымдастырылған профессоры

Раушанова Айжан Муратовна



Қолын растаймын:



РАСТАЙМЫН

Фараби атындағы Қазақ Ғылыми кеңесерлерді
және аттестаттау басқармасының басшысы

ЗАВЕРЯЮ

Капальник управления подготовки и аттестации
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби

Handwritten signature of Zaver'yu
« 20 06 2018 г. »